

## **Приозерск қаласы бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы**

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 2021 жылғы 30 наурыздағы № 3/29 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 12 сәуірде № 6295 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңының 8, 13 баптары, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15090 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Приозерск қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қоса беріліп отырған 2021-2022 жылдарға арналған Приозерск қаласы бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы  
Қалалық мәслихат хатшысы*

*С. Попченко  
Б. Сарсембеков*

Приозерск қалалық  
мәслихатының  
2021 жылғы 30  
наурыздағы  
№ 3/29  
шешімімен бекітілген

## **Приозерск қаласы бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары**

Осы 2021-2022 жылдарға арналған Приозерск қаласы бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі Жоспары (бұдан әрі – жоспар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңының 8, 13 баптары, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15090 болып тіркелген)

бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында қабылданады.

Жоспар құрамында:

1) осы жоспарға 1-қосымшаға сәйкес құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы);

2) осы жоспарға 2-қосымшаға сәйкес жайылым айналымдарының қолайлы схемалары;

3) осы жоспарға 3-қосымшаға сәйкес жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген карта;


4) осы жоспарға 4-қосымшаға сәйкес су тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, копандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы;

5) осы жоспарға 5-қосымшаға сәйкес жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы;




6) осы жоспарға 6-қосымшаға сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және жылжытудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кесте.

Приозерск қаласы  
бойынша 2021-2022  
жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару  
және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарына  
1 қосымша

**Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)**




### Шартты белгілер:






-  - жайылымдардың сыртқы шекаралары
-  - автомобиль жолдары
-  - жайылым

Приозерск қаласы  
бойынша 2021-2022  
жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару  
және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарына  
2 қосымша

### Жайылым айналымдарының қолайлы схемасы




### Шартты белгілер:






-  - жайылымдардың сыртқы шекаралары
-  - автомобиль жолдары
-  - жайылым
-  - мерзімді мал жаю алаңдары
-  - келесі мал жаю алаңдары

Приозерск қаласы  
бойынша 2021-2022  
жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару  
және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарына  
3 қосымша

**Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген карта**




### Шартты белгілер:






-  - жайылымдардың сыртқы шекаралары
-  - автомобиль жолдары
-  - жайылымдардың ішкі шекаралары
-  - жайылым
-  - өзендер, көлдер, тоғандар және т.б.

Приозерск қаласы  
 бойынша 2021-2022  
 жылдарға арналған  
 жайылымдарды басқару  
 және оларды пайдалану  
 жөніндегі жоспарына  
 4 қосымша

**Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, копандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы**




### Шартты белгілер:


-  - жайылымдардың сыртқы шекаралары
-  - автомобиль жолдары
-  - жайылым
-  - табиғи және жасанды су айдындары, мал суаратын орындар және басқа да су көздері
-  - жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу маршруттары


Приозерск қаласы  
бойынша 2021-2022  
жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару  
және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарына  
5 қосымша

**Жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы**



**Шартты белгілер:**

 - жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыруға және оны берілетін жайылымдарға ауыстыруға арналған жайылымдар

 - ауыл шаруашылығы жануарларының жүріп-тұру маршруттары

Приозерск қаласы  
бойынша 2021-2022  
жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару  
және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарына  
6 қосымша

**Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кестесі**

№	Елді мекен	Маусымның басталуы	Маусымның аяқталуы
1	Приозерск қаласы	наурыздың соңы-сәуірдің басы	қарашаның соңы-желтоқсанның басы